

Қызылқоға ауданының әкімшілік-аумақтық бірлігіне өзгерістер енгізу туралы

Атырау облысы әкімінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі № 21 және Атырау облыстық мәслихатының 2006 жылғы 7 сәуірдегі № 300-III бірлескен шешімі Атырау облыстық Әділет департаментінде 2006 жылғы 25 сәуірде № 2460 тіркелді

Ескерту. Бірлескен актінің орыс тіліндегі мәтінінде 1 және 2-тармақтарындағы "аульный" деген сөз "сельский" деген сөзбен ауыстырылды - Атырау облысы әкімінің 09.10.2014 № 19 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 326-V бірлескен шешімдерімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.).

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабына сәйкес және Қызылқоға аудандық мәслихаты мен Қызылқоға ауданы әкімінің 2006 жылғы 17 ақпандағы XXII-I бірлескен шешімінің негізінде облыстық мәслихат пен облыс әкімі ш е ш е м і з :

1. Қызылқоға ауданының Тайсойған ауылдық округі құрылсын.
2. Қызылқоға ауданы Қызылқоға ауылдық округінің шекарасы жалпы ауданы 75711 га аумағы Тайсойған ауылдық округіне беріле отырып өзгертілсін.

Облыстық мәслихаттың

ХХ

сессиясының

Облыс әкімі

төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы